

Есту қабілеті бұзылған балаларға арналған №2 арнайы мектеп-интернаты КММ

Қамқоршылық кеңесінің кезектен тыс отырысы

№3 Хаттамасы

Қатысқандар: Қамқоршылық кеңесінің мүшелері және мектеп-интернат әкімшілігі

Өткізілген күні: 27 сәуір 2023 жыл

Күн тәртібінде:

1. Астана қаласында өтетін Республикалық «Жұлдызай» шығармашылық фестиваліне қатысушы оқушылардың қажетті шығындарын өтеуге демеушілік көрсеткен жеке тұлғаларды қарастыру.

Тыңдалды: ДОИЖО К.Даулетова Шымкент қаласында өткен «Жұлдызай» шығармашылық фестиваліне мектеп-интернат өнерпаздары қатысып, ұлттық биімен ым-ишарат әнімен сахнаға шығып, екінші жүлделі орынды иемденді. Нәтижесінде Астана қаласында өтетін Республикалық «Жұлдызай» шығармашылық фестиваліне қатысуға 5 (бес) оқушымыз жолдама алды. Фестиваль 2023 жылдың 28 мамыр мен 1 маусым аралығында өтеді. «Жұлдызай» қоғамдық қорының ұйымдастырушылары фестивальге қатысушы оқушыларымыздың Астана қаласындағы «Тенгри» қонақ үйіне орналасуымен 4 мезгіл тамақтануына (жан басына шаққанда күндігіне 15000 теңге) және барып-келу жолдарының шығынын (жан басына шаққанда 12000 теңге) қаржыландыруды өз тарапымыздан қарастыруды тапсырды.

Сондықтан демеушілік көрсететін жеке тұлғаларды іздестіріп, олардан 460.000 (төрт жүз алпыс мың) қаржылай көмек көрсетілді. Атап айтқанда:

«Чапаевка» емханасынан 200000 (екі жүз мың)

Жеке тұлғалар А.Арыстанбек, А.Жан, Б.Айбек, С.Думчибаев, С.Джунисбекова, А.Абитова, А.Түгелбаевалар

Көрсетілген қаржыға темір жол билеттерімен қонақ үйге орналасуына төленді. Қосымша түбіртектер беріледі.


Тыңдалды: Қамқоршылық кеңестің мүшесі Д.Турымбекова демеушілік көрсеткен азаматтарға алғысын айтып, алдағы уақытта өнерпаз балаларымыз Астана қаласына аман-есен барып, қаламыздың мерейін арттырып келсін.

Тыңдалды: Қамқоршылық кеңестің мүшесі К.Юсипжанов осындай нәтижеге жетіп, біліммен өнерге қатар баулып келе жатқан педагогтарға, демеушілік жасап отырған азаматтарға алғысымызды айтамыз.

Шешім етеді:


1. Астана қаласында өтетін Республикалық «Жұлдызай» шығармашылық фестиваліне қатысушы оқушылардың қажетті шығындары жүзеге асырылсын

Қамқоршылық кеңестің төрағасы



Л.Садирбаева

Қамқоршылық кеңес хатшысы



К.Даулетова